

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.II, Ч 1 - Б.61-62

ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Жәрдемова С.

Тіл нормасы деп адамдардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халыққа тегіс танылған тілдік құбылыстарды айтамыз. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады. Әдеби тіл дегеніміз – жазба әдебиет арқылы жалпыға бірдей ортақ нормалары қалыптасқан, стильдік тармақтары сараланған, қоғамдық қызметі әр алуан халық тілінің жоғары формасы. Сөздерді әдеби тілдегі жалпыға ортақ нормада айтып сөйлеу – кісінің тіл мәдениетінің жоғары екенінің белгісі.

Кей жастар сленгпен сөйлеуді сәнге айналдырып, оны зор мақтаныш көретіні де рас. Мысалы, күнделікті өмірде жастар «базар жоқ», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картонты жарды» және тағы басқа сөздер мен сөз тіркестерін жиі қолданып жүр. Оның басты себептерінің бірі – интернеттегі кейбір сананы улайтын сайттар, теледидардағы мән-мағынасыз түрлі бағдарламалар. Осымен күресу қажет. Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі – қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа балабақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Содан үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастарымыздың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Тіл ерекшелігі, сөйлей білу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз – ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал, Ж.Баласағұн «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген[1].

Біздің болашағымыз – ана тілімізде. Оны құрметтей білейік, өзге сөзбен шұбарлап, қадірін кетіріп, құтын қашырмайық. Түзу сөйлеп, ойымызды дәл жеткізуге бәріміздің де мүмкіндігіміз бар. Бұралқы сөздермен тілімізді тереңнің түбіне жібергенше, талай маржан сөздерімізді қолданып, Абай, Сәкен, Мағжан сынды қайраткерлеріміз қадірін түсінген айбынды ана тілімізді асқақтатату мақсатында осы мәселені көтере беруіміз керек. Хакім Абай Құнанбайұлы армандаған, Мағжанның «сенген жастары» біз болайық. «Тіліңді жоғалтсаң, діліңді жоғалтсаң, жоғалтасың бәрін» – деп, тіл

жанашыры ақын М.Шаханов бекер ұрандатпаса керек. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, жаргон, сленг сияқты сөздермен тілімізді шұбарлағанша, ата-бабаларымыз қалдырған асыл сөздерімізді қолданатын, еліміздің туын көкке желбірететін азамат атанайық!

Міне, бүгінгі күні бұл өзекті мәселенің біріне айналып отыр, сондықтан жастардың мәдениетін, әдебін қалыптастыру үшін жұмыла еңбек ету керек. Ана тілін жақсы біліп, өз орнымен сөйлеу – әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей түсінікті шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тіліміздің мәртебесі көтерілер еді.

Әдебиеттер тізімі

1 Балақаев М.Б., Серғалиев М. Тіл мәдениеті. – Алматы. 2004

2 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты.– 1998. – 509 б.

3.Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova.

Management of students philologists professional competence formation//
International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI:
10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Ғыл.жетекші: филол.ғ.к. А.Е. Абдрахманова